

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫНЫҢ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ДАМУ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Жалгасбаева Г.К.

*Данная статья рассматривает современное состояние и перспективы развития
Казахстанских морских портов.*

*The article considers a current state and prospects of development of the Kazakhstan
seaports.*

Қазіргі уақытта Қазақстан Каспий бассейніндегі көлік логистикасын дамытушы мемлекет болып табылады, оның экспортқа шығаратын жүктерінің негізгі түрлері – мұнай, металл, бидай т.б.

Отандық теңіз сауда флоты «Қазтеңізкөлікфлот» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы акционерлік қоғамы болып саналады. Флоттың құрамына 16 кеме, оның ішінде жүк көтергіші 12 мың тонна 3 мұнай құю танкері, жүк көтергіштігі 3600 тонна 8 баржы – алаңшалар мен 5 буксир бар.

Ақтау порты –Қазақстанның бірден бір халықаралық теңіз сауда порты, ол ТРАСЕКА Солтүстік – Оңтүстік, Иногейт сияқты үш халықаралық көлік дәлізінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Еуропамен Азияның арасындағы коммуникациялық желінің қақ ортасында орналасып орасан зор көлік әлеуетіне ие болып отыр. Бұл сирек кездесетін геосаяси жағдайды алдағы уақытта тиімді пайдалану жоспарлануда.

Каспий бассейнінде су қатынасы бойынша тасымалданатын жүктердің көлемі шамамен 30 млн. тоннаны құрайды. Мұндағы Ақтау портының үлесі 30 пайыздың шамасында.

Ақтау портының өткізгіштік қабілетін мұнайдан 20 млн. құрғақ жүктерден 3 млн.тоннаға дейін ұлғайту үшін оның аумағын кеңейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Жоба шеңберінде мұнай құю және құрғақ жүктер айлақтарын салу, сондай-ақ, қорғаныштық гидротехникалық ғимараттар тұрғызу қарастырылуда. Жобаның жалпы құны 41,7 млрд. Теңге немесе 347 млн. АҚШ долларын құрайды.

Сонымен қатар, Қазақстанның экспорттық және импорттық болашағы жоғары және Орталық Азияға Кавказ сырты, Парсы шығанағы, Иран Ресей Федерациясы және Еуропа елдеріне Ақтау порты арқылы тасымалдау көлемінің өсуі жоспарлануда. Ол Каспий теңізінің батыс секторында игерілетін және 2008 мен 2015 жылдары аралығындағы кезеңде [1] теңіз порттары арқылы тасымалдауға жоспарланатын мұнайдың жаңа пайда болу жерлеріндегі болашақ жүк ағынының көлемі 20 млн.тоннадан жоғары көрсеткішті құруы мүмкін. (Кесте 1)

Кесте 1 - Ақтау порты арқылы тасымалдаудың болашақтағы жоспары

Жылдардағы тасымал түрлері	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Тасымал көлемі	12726	23871	23965	24964	24890	24721	24449	24240
Айлатардың өткізу қабілеті	1800	13000	13000	13000	13000	13000	13000	13000

Баутино порты – Баутино жүк аймағы Түпқараған шығанағының батыс жағалауында орналасқан, ол Ақтау халықаралық теңіз сауда портының филиалы болып табылады, ол Ақтау қаласынан 150 км қашықтықтағы Форт – Шевченко қаласында орналасқан. Қазіргі уақытта Баутино портының айлағы мен территориясы- кемелердің тұрағы, қыс кезінде техникалық қызмет көрсетуді өткізу және навигация кезеңінде кемелік жабдық жүктерін қайта өңдеу үшін пайдаланады.

Баутино порты Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы теңіз операцияларын қолдауға арналған және мұнай өндіру компаниялары үшін жүктерді тасымалдауға қолданылады.

Баутино бухтасы бухтаға жақындаған кезде ғана емес, сондай-ақ айлақтар аузында да кем дегенде 5,5м жақсы өту тереңдігіне ие болады және теңіздің толқуынан үш жақтан қорғалады.

Мұнда негізінен Каспий қайраңын игеріп жатырған компаниялардың кемелері тұрақтайды. Каспий теңізінің қазақстандық секторын қарқынды игерумен қатар, Баутино портының өндірістік инфрақұрылымының теңіз терминалдарын одан әрі дамыту жолдарын қарастыруда.

Атырау құйылмалы өзен порты – Атырау порты 1964 жылы құрылған және ол Орал өзенінің құйылысынан 30км. қашықтықта орналасқан. Портпен ұсынылатын қызметтердің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- теңіз тасымалдарына қызмет көрсету,
- жүк арту және жүк түсіру жұмыстары,
- арт жақты ұлутасын тасу мен жүзеге асуы.

Бір навигация үшін порттың өндірістік қуаты 546 мың тонна жүк.

Мұнай алу деңгейінің жоғарылауы 2010 жылға жақын 118 млн. тонна деңгейіне дейін жеткізуге жоспарланып жатқан Қазақстанның барлық мұнай қазып алу компанияларын белгілейді.

Қазіргі кезде Каспий теңізі мұнайын әлемдік нарыққа жеткізу үшін магистралды құбырлар пайдаланылады: Теңгіз – Новороссийск, Атырау – Самара. 2015 жылға жақын Каспий аймағы елдеріндегі мұнайдың өндірілуі 250 – 300 млн.тоннаны құруы мүмкін. Ол мұнайды жеткізу мен сатудағы болашағы бар қажеттіліктерді мерзімінен тыс шешу мақсатында оның көліктендірілуі бойынша қосымша инфрақұрылыстарды құру қажеттілігін көрсетеді.

Ақтау теңіз портының солтүстік бағытында даму жоспарының әрі қарай жүзеге асуына келесі жағымды фактор әсер етеді:

- Атырау – Бейнеу – Атырау учаскелеріндегі батыс Қазақстан жолдарын қалпына келтіруді өткізу қабілетінің өсуіне әсер ететін көлік инфрақұрылымы мен нысандарының құрылуы және әрекет ететін нысандардың модернизациялануы.

Түп – Қараған шығанағының порты:

Құрық порт пункті – экспортқа бағдарланған мұнай құйғыш терминал Песчаный мүйісі мен Жыланды мүйісі арасындағы Бекович – Черкасский шығанағында орналасқан. Шығанақ ұзындығы Солтүстік – шығыс бағытындағы жағалау желісінде 16 км–ге жатық доғамен ішке кіріп тұрған 32 км–ді құрайды.

Болашақта Қазақстанның мұнайды көліктендіру жобасына Баку – Джейхан бағыты бойынша қатысуын қамтамасыз ететін мұнай терминалы ретінде қарастырылып отыр.

Қазіргі уақытта Құрық портында мемлекеттік бағдарлама шеңберінде өндірістік қуаты жылына 20 млн. тоннаға дейінгі мамандандырылған мұнай құю терминалын салу жоспарлануда, ол, «Баку – Тбилиси – Джейхан» жобасына қатысуға, сондай-ақ, оған ілеспе жобаларды іске асыруға бағытталды. Теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Құрық порты акваториясында кемелер қозғалысын басқару жүйесін құру көзделуде.

Қазақстанның экспорттық және импорттық болашағы жоғары және Орталық Азияға Кавказ сырты, Парсы шығанағы, Иран Ресей Федерациясы және Еуропа елдеріне Ақтау порты арқылы тасымалдау көлемінің өсуі жоспарлануда. Ол Каспий теңізінің батыс секторында игерілетін және 2008 мен 2015 жылдары аралығындағы кезеңде теңіз порттары арқылы тасымалдауға жоспарланатын мұнайдың жаңа пайда болатын жерлеріндегі болашақ жүк ағынының көлемі 20 млн.тоннадан жоғары көрсеткішті құруы мүмкін деп болжануда.

Соңғы жылдары Еуразиялық континентте халықаралық экономикалық байланыстарды жаһандандыру процесінің тереңдеуі мен Еуропа мен Шығыс Азияның арасындағы жүк тасымалының өсуіне байланысты «Ұлы Жібек жолын» қайта жандандыру –кешенді Еуразиялық трансконтиненталдық көпірді құру өзекті мәселеге айналып отыр.

Сарапшылардың бағалауы бойынша тек қана Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдаудан түсетін мүмкін кірістің перспективалық көлемі шамамен жылына 1,5 – 2 млрд. АҚШ долларымен бағаланады. Толықтай алғанда транзиттік тасымалдауды іске асырудан түсетін ауқымды кірістер ұлттық көлік кешенін дамытуды ынталандыруға алғышарттарды жасайды.

Келешекте порт арқылы тасымалдауға жоспарланған өнеркәсіптік жабдықтардың номенклатурасы, Каспий шельфінің мұнай кен орындарына, сондай-ақ Батыс Қазақстанның ірі мұнай компанияларының мұқтаждарына тасымалданатын көлемі аз, салмағы төмен жүктен тұрады деп болжануда. Теңіз ірі кен орындарында екінші кезеңдегі зауыттың құрылысы, және жоспарланып отырған үшінші кезеңдегі зауыттың құрылысы, сондай-ақ « Аджип КСО» компаниясы мұнай жеткізуді және басқа көлемі аз, салмағы жеңіл жабдықтарды жеткізуді ұлғайтуы осы жүк түрінің порт арқылы тасымалдау көлемін айтарлықтай көбейтеді.[2]

«Ақтау теңізпорты» еркін экономикалық аймағы мен көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымның аумағын кеңейтуден тұратын «Жер-Теңіз-Аспан» біріктірілген жобасын іске асыру жалғасады. 2006 жылы басталған «Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту» жобасының жүзеге асыру мерзімі 3 жыл. Жобаның құны 260 млн. АҚШ доллары. [3].

Түйін

Қазақстандағы теңіз порттарының инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейге көтеру үшін порттың материалды-техникалық базасын жаңғырта отырып, мұнайдың әлемдік нарыққа өту қажеттілігін өсіруді шешу мақсатында Батыс Қазақстан – Қытай су құбырын және Иран бағытындағы су құбырын, сондай – ақ Құрық және Баутино арнайы порт терминалдарын қосқанда жаңа экспорттық су құбырларының қатарын құру мәселесі белсенді түрде қарастырылуы еліміздің экономикалық дағдарысқа ұшырамауына көп септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. С.Ш. Бекбергенов. Облыстық қоғамдық - саяси газет «Маңғыстау». Ақтау қаласы әкімінің 2008 жылғы атқарылған жұмыстар туралы есебі. – Ақтау, № 3 - 4 (7439), 7 қаңтар 2009жыл. – 4 бет.
2. Ж. Жұмаев. Каспий теңізінің қазақстандық мұнай-газ секторын игерудегі Түпқараған жаңа жобасының орны // ҚазҰТУ хабаршысы. – 2005.- № 6 (50), 25бет.
3. Құрлықтарды Жалғастыратын жолдар. Облыстық қоғамдық - саяси газет «Маңғыстау». Ақтау қаласы әкімінің 2008 жылғы атқарылған жұмыстар туралы есебі. – Ақтау, № 87 - 4 (7439), 26 мамыр 2009жыл. – 8 бет.